



Инфляциялық үрдістер


Қараша 2020

2020 жылғы қарашада Қазақстандағы жылдық инфляция 7,3%-ды құрады. Азық-түлік тауарларының қымбаттауы бағаның өсуіне негізгі үлес қосуды жалғастыруда. Азық-түлік инфляциясының 2020 жылдың шілдесінен жалғасқан баяулау үрдісі тоқтатылды. 2020 жылғы қарашада азық-түлік бағасының өсуі негізгі әлемдік азық-түлік нарықтарындағы бағаның күрт көтерілуінен туындаған тамақ өнімдерінің жекелеген түрлерінің қымбаттауы аясында жеделдеді. Ақылы қызметтер құрылымында ТКШ қызметтеріне арналған тарифтердің көтерілуі және жекелеген өңірлерде карантиндік шектеулерді біртіндеп жеңілдету жағдайында мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтердің қымбаттағаны байқалады. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының тез өсуі пандемия басталғаннан бері әлсіз тұтынушылық сұраныстың сақталуымен байланысты.

Азық-түлік тауарлары


2020 жылғы қарашада жылдық азық-түлік инфляциясы 10,8%-ға дейін жеделдеді. Өндірушілер бағасының баяулауы жағдайында ет өнімдеріне, сондай-ақ астық жинау науқанының ертерек аяқталуы және астық қорларын толықтыру нәтижесінде нан-тоқаш өнімдері мен жармаларға бағаның өсу үлесі айтарлықтай төмендеді. Өткен жылғы айлық өсуінің жоғары көрсеткіштердің есептеуден шығуы қосымша статистикалық әсер етеді. Сонымен қатар, майлы дақылдардың төмен өнімі жағдайындағы ұсыныстың шектеу нәтижесінде және сұраныстың артуына байланысты әлемдік нарықтардағы, оның ішінде Ресейдегі, баға өсуінің жеделдеуі аясында қанттың, өсімдік майының қымбаттауы жалғасты.

1-График. Азық-түлік инфляциясы әлемдік бағаның өсуі аясында жеделдеді...



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2-график. ... әсіресе өсімдік майы мен қант нарықтарында




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Азық-түлік емес тауарлар

Азық-түлік емес тауарлар инфляциясы 2020 жылғы қарашада жылдық мәнде 5,7%-ға дейін жеделдеді. Қараша айында жекелеген қысқа мерзімді тауарларға (жуғыш заттар, дәрі-


дәрмектер) бағаның өсуі жеделдеді. Ұзақ мерзімде пайдаланылатын тауарлар құрылымында шаруашылығы заттарына (жиһаз, тұрмыстық техника, ыдыс-аяқ) баға өсуінің жеделдеуі жалғастырылды. Сонымен бірге, баға өсуінің біршама жеделдеуі киімге қатысты болды, бұл сауда орталықтарының жұмысына қойылатын талаптарды біртіндеп жеңілдету және жекелеген аймақтарда демалыс күндері жұмыс істеуге рұқсат беру нәтижесінде кейінге қалдырылған сұраныстың ішінара жүзеге асырылуына байланысты болуы мүмкін. Халықтың нақты кірістерінің төмендеуі және жұмыс пен оқудың қашықтан форматын сақтау жағдайында тұтынушылық сұраныстың әлсіздігі тежеуші фактор болып қалып отыр.

3-график. Азық-түлік емес инфляцияның негізгі компоненттерінің динамикасы қалыпты болып қала береді



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

4-график. Сонымен қатар, тұрмыстық техникаға, жұғыш құралдар мен дәрі-дәрмектерге бағаның өсуі жалғасты




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Ақылы қызметтер


Ақылы қызметтер бағасының жылдық өсуі 4,1%-ға дейін жеделдеді, бұл көбінесе коммуналдық қызметтер (жылыту, ыстық су) тарифтерінің өсуімен байланысты. Сондай-ақ, ұзақ уақыт көрсетілмеген қызметтердің құнын қайта қарауға байланысты мәдениет және демалыс саласындағы жекелеген көрсетілетін қызметтерге (кинотеатрлар, спорт кешендері) бағаның өсуі, сондай-ақ қоғамдық тамақтандыру қызметтерінің, әсіресе Түркістан және Маңғыстау өңірлерінде, қымбаттауы байқалады.

5-график. Коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуі жеделдеді



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

6-график. Мәдениет, демалыс және қоғамдық тамақтану саласындағы бағаларының өсуі



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ